



Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегі туралы есепті жасау және беру ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 6 наурыз N 92 Бұйрығы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 мамырда N 1127 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 460 (V043367) бұйрығымен.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін, жергілікті атқарушы органдарды және мемлекеттік қаржы туралы мәліметтер алатын басқа да мемлекеттік органдарды республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегінің жағдайы туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджеттік қаражатты жұмсаудың тиімділігіне талдауды жүзеге асыру және мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Қоса беріліп отырған республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегі туралы есепті жасау және беру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет департаментіне кредиторлық берешек туралы есептерді уақытылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2000 жылғы 6 наурыз
N 92 бұйрығымен

бекітілген

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық

берешегі туралы есепті жасау және беру ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" Z990357_ Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегі туралы есептерді берудің тәртібін, нысанын және мерзімін айқындайды.

1. Кредиторлық берешек туралы есеп берудің нысаны

1. Осы Ережемен кредиторлық берешек туралы есеп берудің екі - 1 КБ-М және 1 КБ-жиынтық нысаны белгіленеді.

1 КБ-М нысаны (1-қосымша) жеке мемлекеттік мекеменің, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісінің кредиторлық берешегі туралы есеп берудің нысанын білдіреді. 1 КБ, жиынтық нысаны (2-қосымша) бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшілерінің кредиторлық берешегі туралы есеп жиынтық есеп берудің нысанын білдіреді.

2. Есептерде мемлекеттік мекемелердің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен және ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынатын қаражаттың есебінен орындалатын міндеттемелері бойынша пайда болған кредиторлық берешегі көрсетіледі.

3. Есептерде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орындалатын тіркелген шарттық міндеттемелер бойынша пайда болған кредиторлық берешек бөліп көрсетіледі. Тіркелген шарттық міндеттемелер бойынша кредиторлық берешекке мемлекеттік мекеменің белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық органдары) тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған берешегі жатады.

4. Кредиторлық берешек есептерде: өткен жылдардың кредиторлық берешегі және ағымдағы жылдың кредиторлық берешегі болып бөлінеді.

Өткен жылдардың кредиторлық берешегі - мемлекеттік мекемелердің ағымдағы жылдың алдындағы жылдары пайда болған берешегі. Көрсетілген есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдардың кредиторлық берешегінің және оның бір бөлігі ағымдағы жылы өтелген жағдайда, осы берешектің есепті күнгі қалдығының жай-күйі тіркеледі.

Ағымдағы жылдың кредиторлық берешегі - мемлекеттік мекемелердің ағымдағы жылы туындаған және есепті кезеңде калыптасқан берешегі.

5. Кредиторлық берешек туралы есептер мемлекеттік мекеменің есепті күнгі талдамалық бухгалтерлік есебіне негізделеді.

6. Кредиторлық берешек жөніндегі деректер функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар

және шығыстардың бюджеттік жіктемесінің ерекшелігі бойынша беріледі.

Есептер кіші бағдарлама бойынша, бағдарлама бойынша, функционалдық топ бойынша, тұтастай алғанда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша аралық қорытындыларды қамтуы тиіс.

Барлық құндық көрсеткіштер есептерде мың теңгемен, үтірден кейінгі бір белгіге дейін дәлдікпен беріледі.

2. Кредиторлық берешек туралы есепті толтыру тәртібі

7. 1 КБ-М нысаны бойынша кредиторлық берешек туралы есеп былайша ж а с а л а д ы :

"Бюджеттің атауы" жолы бойынша мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджеттің түрі көрсетіледі. Мемлекеттік мекеме жергілікті бюджеттен қаржыландырылған жағдайда, "Облыс (қала)" жолы бойынша облыстың (қаланың) атауын және "Аудан, қала" жолы бойынша қаланың (ауданның) атауын к ө р с е т у қ а ж е т .

"Мемлекеттік мекеменің атауы" жолы бойынша Бірыңғай бюджеттік жіктемеде және/немесе Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында келтірілген атына сәйкес мемлекеттік мекеменің немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы, сондай-ақ "Коды" жолы бойынша оған сәйкес кодтық белгісі к ө р с е т і л е д і .

1-4-бағандарда шығыстардың бюджеттік жіктемесінің кодтары толтырылады.

5-бағанда 1-4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін шығыстардың бюджеттік жіктемесі бойынша көрсеткіштің атауы көрсетіледі.

6-11-бағандарда мемлекеттік мекеменің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орындалатын міндеттемелер бойынша және ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынатын қаражаттың есебінен орындалатын міндеттемелер бойынша есепті күнгі жағдай бойынша пайда болған кредиторлық берешегінің бүкіл сомасы көрсетіледі.

6-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің 6-бағанда көрсетілетін кредиторлық берешегінің сомасы, бухгалтерлік есептің деректерін нақтылау жағдайларын қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы ішінде өзгеруге тиіс е м е с .

7-бағанда өткен жылдардың кредиторлық берешегінің, ағымдағы қаржы жылы оның бір бөлігі өтелгеннен кейін, қалдығы көрсетіледі.

8-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған кредиторлық берешек к ө р с е т і л е д і .

9-бағанда мемлекеттік мекеменің есепті күні қалыптасқан жалпы кредиторлық

берешегі, яғни 7 және 8-бағандардың сомасы көрсетіледі.

10-бағанда есепті күні өзінің төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша (мәселен, төлеу мерзімі есепті айдан кейінгі айда болатын есептелген жалақы) ағымдағы жылдың кредиторлық берешегі көрсетіледі. 10-баған бойынша көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасы 8 және 9-бағандарда көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасына енеді.

11-бағанда мемлекеттік мекеменің қуыну мерзімі аяқталған кредиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі. Көрсетілген берешек активтерге, материалдық қорларға, ақшаға, есептемелерге және мемлекеттік мекеме балансының басқа да баптарына түгендеу жүргізгеннен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен есептемелердің түгендеу актісін жасағаннан кейін есепке енгізіледі. 11-баған бойынша көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасы 6, 7 және 9-бағандарда көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасына енгізіледі.

12-16-бағандарда мемлекеттік мекеменің белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған кредиторлық берешегі көрсетіледі. Ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынған қаражаттың есебінен орындалатын міндеттемелер бойынша 12-16-бағандар толтырылмайды.

12-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрініс табады. Мемлекеттік мекеменің 12-бағанда көрсетілетін кредиторлық берешегінің сомасы, бухгалтерлік есептің деректерін нақтылау жағдайларын қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы ішінде өзгеруге тиіс емес.

13-бағанда өткен жылдардың кредиторлық берешегінің, ағымдағы қаржы жылы оның бір бөлігі өтелгеннен кейін, қалдығы көрсетіледі.

14-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған кредиторлық берешек көрсетіледі.

өткен қаржы жылдарында аяқталмаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді ағымдағы қаржы жылы қайта тіркеген жағдайда, олар бойынша өткен қаржы жылдарында пайда болған кредиторлық берешек есепте өткен жылдардың берешегі ретінде көрсетіледі (12 және 13-бағандар).

15-бағанда мемлекеттік мекеменің тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша есепті күні қалыптасқан жалпы кредиторлық берешегі, яғни 13 және 14-бағандардың сомасы көрсетіледі.

16-бағанда есепті күні өзінің төлеу мерзімі жетпеген тіркелген шарттық міндеттемелер бойынша ағымдағы жылдың кредиторлық берешегі көрсетіледі. 16-баған бойынша көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасы 14 және 15-

бағандарда көрсетілетін кредиторлық берешектің сомасына енеді.

12, 13, 14, 15 және 16-бағандардың кредиторлық берешегінің сомасы тиісінше 6, 7, 8, 9 және 10-бағандардың кредиторлық берешегінің сомасына енеді.

1 КБ-жиынтық нысаны бойынша есеп 1 КБ-М нысаны есептерінің деректері негізінде жасалады және 1 КБ-М нысанын толтыра отырып, дәл сондай түрде т о л т ы р ы л а д ы .

8. Мемлекеттік мекеме таратылған, қайта ұйымдастырылған кезде оның кредиторлық берешегі құқықтық мирасқорының кредиторлық берешегі туралы е с е п т е к ө р с е т і л е д і .

Бірыңғай бюджеттік жіктеме шығыстарының функционалдық және экономикалық жіктемелерінің кодтары өзгертілген жағдайда, кредиторлық берешек есепте жаңа кодтар бойынша көрсетіледі.

Бірыңғай бюджеттік жіктеме мен жекелеген бюджеттік бағдарламалар алынып тасталған жағдайда, олар бойынша кредиторлық берешек есепте жалақы, әлеуметтік төлемдер және басқа да міндеттемелер бойынша кредиторлық берешекті өтеуге көзделген бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті әкімшілерде көрініс табады.

3. Кредиторлық берешек туралы есеп беру

9. Кредиторлық берешек туралы есепті ай сайын:

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) оны электрондық нысанда бере отырып, есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей;

жергілікті атқарушы органдар - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет департаментіне (бұдан әрі - Бюджет департаменті) есепті айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей;

Қазынашылық комитеті - Бюджет департаментіне есепті айдан кейінгі айдың 22 - күнінен кешіктірмей;

мемлекеттік мекемелер - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі белгілейтін мерзімде береді.

10. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - 1 КБ-М нысаны бойынша, Қазынашылық комитеті, жергілікті атқарушы органдар - 1 КБ-жиынтық нысаны бойынша есептер береді.

1 КБ-М нысаны бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, мемлекеттік мекемелер беретін кредиторлық берешек туралы есептерге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің немесе мемлекеттік мекеменің басшысы және қаржы қызметінің басшысы қол қояды.

1 КБ-жиынтық нысаны бойынша жергілікті атқарушы органдар беретін кредиторлық берешек туралы есептерге облыстардың, Астана және Алматы

қалаларының әкімдері және қаржы органының басшысы қол қояды.

1 КБ-жиынтық нысаны бойынша Қазынашылық комитеті беретін кредиторлық берешек туралы есептерге Қазынашылық комитетінің төрағасы және Республикалық бюджеттің атқарылуы басқармасының бастығы қол қояды.

11. Кредиторлық берешек туралы есептер атқарушы туралы мәліметтер көрсетіле отырып, ресми бланкіге жазылған, басшының қолы қойылған хатпен жіберіледі. Кредиторлық берешек туралы есепке туындау себептері көрсетіле отырып, осы Ереженің қандай да бір тармақтарына сәйкес келмейтін сәттер айтылатын түсіндірме жазба қоса беріледі. Түсіндірме жазбада мыналар өзі б о й ы н ш а :

ағымдағы есепті айда төлеу мерзімі жетпеген;
қуыну мерзімі біткен;

осы берешек көрсетілген бюджеттік бағдарлама Бірыңғай бюджеттік жіктемеден алынып тасталған есепті күні қалыптасқан кредиторлық берешектің түсініктемесі келтіріледі.

12. Қазынашылық комитеті мен жергілікті атқарушы органдар Бюджет департаментіне кредиторлық берешек туралы есепті сонымен қатар магниттік тасушыдағы (дискеттегі) немесе модемдік байланыс бойынша деректер базасы түрінде береді. Кредиторлық берешек туралы есеп қағаз тасушыдағы кредиторлық берешек туралы деректер электрондық нысанда берілген кредиторлық берешек туралы деректермен сәйкес болған кезде ғана Бюджет департаменті қабылдаған болып саналады.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің басшылары кредиторлық берешек туралы есептерде жалған деректер бергені үшін жауаптылықта болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен
ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық
берешегі туралы есепті жасау және беру ережесіне

1 - қ о с ы м ш а

1 КБ-М нысаны

_____ жылғы _____

жағдай бойынша мемлекеттік мекемелердің
кредиторлық берешегі туралы есеп

Бюджеттің атауы _____

(республикалық, жергілікті)

Облыс (қала) _____

Аудан, қала _____

Мемлекеттік мекеменің _____

Коды _____

а т а у ы

Бюджеттік !Атауы! Берешектің барлығы
жіктеменің кодтары ! !-----
-----! ! Өткен жылдардың!Ағымдағы!Жиыны! Оның ішінде
функц.!бағ.!кіші!ерек! ! берешегі ! жылдың!(7+8)!-----
топ !дар.!бағ.!шелік! !берешегі! ! төлеу!куыну
!лама!дар! ! ! жыл ! өтеуді! ! !мерзімі! мер.
! !лама! ! !басында.!ескер. ! ! жетпе. !зімі
! ! ! ! !ғы !гендегі! ! !ген !біт.
! ! ! ! ! !қалдық! ! !міндет.!кен
! ! ! ! ! ! ! ! темелер!бере.
! ! ! ! ! ! ! ! бойынша!шек
! ! ! ! ! ! ! ! берешек!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

о.і. тіркелген шарттық міндеттемелер бойынша берешек

Өткен жылдардың !Ағымдағы! Жиыны! Оның ішінде
берешегі ! жылдың!(13+14)! төлеу мерзімі
-----!берешегі! !жетпеген міндеттемелер
жыл ! өтеуді! ! ! бойынша берешек
б а с ы н д а .! е с к е р . ! ! !
ғ ы ! г е н д е г і ! ! !
 ! қ а л д ы қ ! ! !

12 ! 13 ! 14 ! 15 ! 16

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
(мемлекеттік мекеменің) басшысы _____
 (қолы) (қолының түсіндірмесі)

М.О.

Қаржылық қызметтің басшысы _____

(колы) (қолының түсіндірмесі)

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегі туралы есепті жасау және беру ережесіне
2 - қ о с ы м ш а

1 КБ-М нысаны

_____ жылғы _____

жағдай бойынша мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегі туралы есеп

Бюджеттің атауы _____

(республикалық, жергілікті)

Облыс (қала) _____

Аудан, қала _____

Мемлекеттік мекеменің _____

Коды _____

а т а у ы

М е р з і м і

а й л ы қ

Өлшем бірліктері

мың теңге

Бюджеттік жіктеменің кодтары	!Атауы!	Берешектің барлығы
-----!	! !-----	-----
фун.!бюд.!бағ.!кіші!ерек!	! Өткен жылдардың!Ағым!	!Жиыны! Оның ішінде
топ !жет.!дар.!бағ.!шелік!	! берешегі	!дағы !(8+9)!-----
!тік !лама!дар!	!-----!жыл. !	! төлеу !куыну
!бағ.! лама!	! жыл ! өтеуді!дың !	! мерзімі! мер.
!дар.! ! !	!басында!ескер. !бере!	!жетпе. !імі
!лама! ! !	!ғы !гендегі!шегі !	!ген !біт.
!лар.! ! !	! !қалдық !	! міндет.!кен
!дың ! ! !	! ! !	!темелер!бере.
!әкі.! ! !	! ! !	!бойынша!шек
!мші.! ! !	! ! !	!берешек!
!сі ! !	! ! !	! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

о.і. тіркелген шарттық міндеттемелер бойынша берешек

Өткен жылдардың !Ағымдағы! Жиыны ! Оның ішінде
 берешегі ! жылдың !(14-15)! төлеу мерзімі
 -----!берешегі! !жетпеген міндеттемелер
 жыл ! өтеуді ! ! ! бойынша берешек
 басында. ! ескер. ! ! !
 ғы ! гендегі ! ! !
 ! қалдық ! ! !

13 ! 14 ! 15 ! 16 ! 17

Қазынашылық комитетінің төрағасы _____
 (қолы) (қолының түсіндірмесі)

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының әкімі) _____
 (қолы) (қолының түсіндірмесі)

Республикалық бюджеттің атқарылуы
 басқармасының бастығы _____
 (қолы) (қолының түсіндірмесі)

н е м е с е

Қаржы органының басшысы _____
 (қолы) (қолының түсіндірмесі)